

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Аққулы ауданының білім беру бөлімінің «Шарбақты жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «Шарбактинская средняя общеобразовательная школа» отдела образования района Аққулы, управления образования Павлодарской области

БҰЙРЫҚ

Шарбақты ауылы

№ 1-03/96

2025 жылғы 02 қыркүйек

«Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын, комиссия мүшесі құрылсын:

Бельгибаева А.М. - мектеп директоры, комиссия төрайымы;

Комиссия мүшелері:

Сальменова А.Ж. - ТІЖДО;

Смагулова Н.Ш. - ОІЖДО;

Мусжанова А.Д. - ӘЖДО;

Салменов К.А. - ШЖДО;

Турганбекова Т.Т. - мектеп психологы;

Тогузбаева К.Е. - ӘБ жетекшісі.

2. Мектептің ішкі тәртібіне сәйкес лауазымдық міндеттері төмендегідей бекітілсін:

2.1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Ж.Сальменоваға:

- ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуы қамтамасыз етілсін;

- Орталық аясында өтетін сабақтардың кестесі құрылып, бекітілсін;

- Орталық қызметі туралы ақпаратты білім бөліміне уақытылы жеткізу жүктелсін.

2.2. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары К.А.Салменовқа:

Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;